

"Көкпекті ауданы Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округінің Черноярка ауылындағы "Диханшы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Абай облысы Көкпекті ауданы Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округінің әкімі 2025 жылғы 26 маусымдағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария" туралы Заңы 10-1 бабының 7 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Көкпекті аудандық аумақтық инспекция басшысының 2025 жылғы 26 маусымдағы № 199 ұсынысы негізінде, Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкпекті ауданы, Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округінің Черноярка ауылындағы "Диханшы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі мүйізді ірі қара малдардың арасында бруцеллез инфекциялық ауруына қарсы ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды жүргізу және ошақты жою үшін енгізілген ветеринарлық шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қойгелді Аухадиев ауылдық округ әкімінің 2024 жылғы 30 қазанындағы шектеу іс-шараларын белгілеу туралы №1 шешімнің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Е.Кузембаев